

Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарында терминдердің қолданылуы

Б. Е. Кеңес¹, М. Кочак², Ж. Е. Есполова³

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

²Памуккале университеті

Деңізлі қ., Түркия Республикасы

³Тұран-Астана университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

*barysgul221196@gmail.com



Аңдатпа. Білім беру саласындағы мұғалімдердің негізгі құралы – оқулық. Оқулықтардың мазмұнына қойылатын талаптардың бірі – терминдердің жүйелі қолданылуы. Мақаланың мақсаты – мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен терминдердің оқулықтарда қолданылу деңгейін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес мақалада «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» 4-сынып, «Информатика» 5-сынып, «Информатика» 6-сынып, «Информатика» 7-сынып (Алматыкітап баспасы), «Информатика» 7-сынып (Атамұра баспасы), «Информатика» 7-сынып (Арман – ПВ баспасы) мектеп оқулықтарының негізгі терминдері termincom.kz сайтындағы терминдермен салыстырылды. Салыстыру нәтижесінде мынадай мәселелер анықталды: termincom.kz қорындағы информатика саласына қатысты бекітілген терминдердің оқулықтарда қолданылмай, басқа нұсқаларының қолданылуы, информатика саласына қатысты оқулықтардағы кейбір терминдердің termincom.kz қорында қамтылмауы, оқулықтарда орыс тіліндегі терминдер бірінші жазылып, қазақ тіліндегі терминдердің жақша ішінде жазылуы, орыс тіліндегі әртүрлі ұғымды білдіретін екі терминнің орнына қазақ тілінде бір терминнің қолданылуы. Осындай мәселелер туындамас үшін терминолог мамандар мен сала мамандары бірлесіп жұмыстар атқарып терминдерді бекітуі керек. Оқулық жазу барысында авторлар бекітілген терминдерге назар аударып, соларды қолдану дағдысын қалыптастырулары қажет. Термин ұғым мен мағынаны толық сипаттай алмайтын жағдай болса, авторлар өздерінің ұсыныстарын мемлекеттік терминологиялық комиссияға ұсынулары қажет. Жазылған оқулықтарға сараптама жасалған кезде пән бойынша базалық ғылыми мазмұнның сақталуы үшін терминдерге баса назар аударылуы қажет.



Түйінді сөздер: термин, терминология, оқулық, білім сапасы, информатика



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Кеңес, Б. Е., Кочак, М., Есполова, Ж. Е. Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарында терминдердің қолданылуы [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – №1. – Б. 19-28.

Кіріспе

Сапалы білім берудегі ең маңызды құрал – оқулық. Елімізде жазылған осы мектеп оқулықтарының сапасына қатысты әртүрлі мәселелер бар. Соның ішінде терминдердің оқулықтарда қолданылу деңгейі – өзекті мәселенің бірі. Мақаланың мақсаты – информатика пәні бойынша жазылған мектеп оқулықтарында қолданылған терминдердің жай-күйін қарастыру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын өткізілетін дәстүрлі Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген баяндамасында «сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы» деген болатын. Сондай-ақ баяндамада мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты туындаған мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешудің оңтайлы жолдарын ұсынып, кешенді шаралар қабылдау қажет екенін атап өтті [1].

ЮНЕСКО-ның Терминологиялық саясат жөніндегі нұсқаулығында тілдерді жоспарлаудың кейбір маңызды міндеттерінің қатарында ана тілінде білім беру және ғылыми пәндерді оқушы түсінетін тілде оқыту қажеттілігі көрсетілген. Бұл мемлекеттік қызметкерлердің, ғалымдардың, зерттеушілердің, мұғалімдер мен тіпті тәжірибелі жұмысшылардың біліктілігін арттыруға әкеледі. Тілдік қауымдстық мүшелерінің қарым-қатынасын жақсарту мақсатында, олар қолданатын негізгі тілдің сөздік қорын оқу құралдарымен, шығармашылық өнер туындыларымен, мектеп оқулықтарымен, газеттермен және т. б. қамтамасыз ету керек [2].

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығының Орта білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнына қойылатын талаптар атты 3-тараудың 16-17-баптарында оқулыққа сәйкес арнайы және оқу терминологиясын, ұғымдар мен терминдерді қолдану, жасына (сыныпқа) сәйкес пән тілі мен терминологиясын енгізу белгіленген [3].

«Терминтанушы құралы» еңбегінде термин қызметінің 13 түрі саралап көрсетіледі. Ғылыми еңбекте терминнің қызметіне қатысты «Арнаулы сала ұғымының атауы атқаратын қызметтердің жиынтығы» деп анықтама беріледі. Терминнің атауыштық қызметі – термин ұғымның, заттар мен құбылыстардың атауы болуы; танымдық қызметі – таным құралы қызметін атқаруы; таңбаланушылық қызметі

– таңбаланушыны белгілеп, оның мазмұнын білдіруі; ұғымдық қызметі – ұғымды белгілеп, оның мазмұнын білдіруі; эврикалық қызметі – жаңа білімді ашу, табу қызметі; жүйелеушілік қызметі – ұғымдар жүйесін тілдік таңбалар арқылы да жүйелеп беру қызметі; ақпаратты тіркеу қызметі – ғылыми-техникалық арнаулы ақпаратты сақтау қызметі; ақпараттық қызметі – терминнің ақпараттық-қатысымдық қызметі; қатысымдық қызметі – білімді, арнаулы ақпаратты жеткізуі; оқулық қызметі – терминнің беру, түсіндіру, оқыту мақсатында қолданылуы; ажыратушылық қызметі – терминологиялық жүйе шеңберінде терминдердің өздері белгілейтін ұғымдардың аражігін ажыратуы; анықтаушылық қызметі – терминнің тұлғасы арқылы ұғымның түрлік-тектік белгілерін көрсету мүмкіндігі» [4]. Мақалада біз терминнің оқулық қызметіне баса назар аударамыз.

Ең алдымен Алаш зиялыларының оқулықтарға қатысты өткен ғасырда айтқан пікірлеріне шолу жасалық. Ахмет Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» атты мақаласында мектепке қажет ең негізгі үш керекті көрсетеді. Біріншісі – мұғалім, екіншісі – оқу ісіне керек құралдар, үшіншісі – белгіленген программа. Мақаладан үзінді келтірсек: «Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар» деген болатын [5].

Мағжан Жұмабаев: «Оқу құралын жаздырып жатқан ағарту комиссариаты, жазып жатқан азаматтар бұл оқу құралдары қандай мінезді мектепке арналады, сол туралы ой жүгіртсе игі болар еді», Халел Досмұхамедұлы: «Білім алудың жолы көп, жолдың ішіндегі ең төтесі жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары», Елдес Омаров: «Терминдердің негізгі қолданылатын жері арнаулы мәтіндер, ғылыми әдебиеттер мен оқулықтар, оқу құралдары» деген болатын [6]. Осы айтылған пікірлерден сол кездің өзінде-ақ сапалы жазылған оқулыққа аса мән берілгенін көре аламыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысымызда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» 4-сынып [7], «Информатика» 5-сынып [8], «Информатика» 6-сынып [9], «Информатика» 7-сынып «Алматыкітап баспасы» [10], «Информатика» 7-сынып «Атамұра» баспасы [11], «Информатика» 7-сынып «Арман – ПВ» баспасы [12] атты мектеп оқулықтарының негізгі терминдері termincom.kz сайтындағы, яғни қазақ тілінің терминқорындағы бекітілген терминдермен салыстырылып талданады және терминдердің қолданысына назар аударылады.

Termincom.kz сайты – ғылым мен білімнің, техника мен экономиканың, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің республикалық терминологиялық электронды базасы. Портал Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында құрылған. Бұл портал – терминологиялық лексиканы біріздендіру, терминологиялық қорды толықтыру, терминдерді және атауларды қазақ тілінің нормаларына сәйкес реттеу, терминологиялық атауларды қолдану тиімділігін арттыру мақсатында құрылған сайт. Сайт қолданушылары бекітілген терминдермен танысып, терминдерге қатысты өз пікірлерін білдіре алады. Салалық терминдерді қалыптастыру мен стандарттау, терминдерді аудару, термин түзудегі ұстанымдар туралы ғылыми және ғылыми-көпшілік стилінде жазылған мақалалармен, әртүрлі қолданбалы сала бойынша жарық көрген сөздіктермен таныса алады.

Нәтижелер

Мектеп оқулықтарында бекітілген терминдердің қолданысына жүргізілген талдау нәтижесі бойынша анықталған мәселелер:

- termincom.kz қорындағы информатика саласына қатысты бекітілген

терминдердің оқулықтарда қолданылмай, басқа нұсқаларының қолданылуы;

- информатика саласына қатысты оқулықтардағы кейбір терминдердің termincom.kz қорында қамтылмауы;
- кейбір терминдердің termincom.kz қорында басқа салаға қатысты көрсетілуі;
- оқулықтарда орыс тіліндегі терминдер бірінші жазылып, қазақ тіліндегі терминдер жақша ішінде жазылады.

Терминқордағы информатика саласына қатысты бекітілген терминдердің оқулықтарда қолданылмай, басқа нұсқаларының қолданылуынан нұсқалық қатарлар пайда болуда. Нұсқалық қатарлар немесе мәндесімдер 2 топқа жіктеледі. Бірінші топқа қазақ тілінде жасалған терминдердің өзара мәндесімдік қатар құруы жатады. Мысалы үшін: *қоржын ~ себет, қапшық ~ бума, программалық қамтым ~ программалық жабдықтама, теңшеу ~ баптау, қолжетім ~ қолжетімділік, басу ~ басып шығару, есептеуіш техника ~ есептеу техникасы, кесіп тастау ~ қиып алу, туралау ~ теңестіру, ақпаратты сығымдау ~ ақпаратты сығу, компьютерлік тор ~ компьютерлік желі*. Екінші топқа қазақ тілінде және орыс тілінде жасалған терминдердің мәндесімдік қатар құруы: *пәрмен ~ команда, бейімдеуіш ~ адаптер, құпиясөз ~ пароль, аударғыш ~ транслятор, бергіш ~ датчик, сұлба ~ схема, қалып, қимаульгі, үлгітүр ~ шаблон, көлденең ~ горизонталь, сәйкестендіргіш ~ идентификатор, амалдық жүйе ~ операциялық жүйе, ұяшық пішімі ~ ұяшық форматы, мұрағаттау ~ архивтеу, сандық пішім ~ сандық формат*.

Termincom.kz қорына енгізілмеген, бірақ оқулықтарда қолданылған терминдер: *құйып бояу (заливка), бұлыңғыр (размытие), деректерді туралау (выравнивание данных), архивті құру, архивтен шығару, ауқымды желі*.

Termincom.kz сайтында басқа салаға қатысты көрсетілген кейбір терминдер: *оптикалық диск, сығу дәрежесі*.

Р.А. Қадырқұлов, Г.К. Нұрмұханбетова авторлығымен «Алматыкітап» баспасында (2020) шыққан 5-6-7-сыныптардың «Информатика» оқулығында орыс тіліндегі терминдер бірінші жазылып, қазақ тіліндегі терминдер жақша ішінде көрсетіледі. Ж.У. Кобдинова, Г.А. Көпеева, А.А. Қаптағанова, А.Ф. Юсупованың «Арман – ПВ» баспасында басылған (2019) 4-сыныптың «Ақпараттық-коммуникаци-

ялық технологиялар» оқулығында, Г.И. Салғараева, А.С. Маханова, Л.А. Рсалинаның «Арман – ПВ» баспасында басылған 7-сыныптың «Информатика» оқулығында (2021), С.Т. Мұхамбетжанова, А.С. Тен, Л.Г. Демидованың «Атамұра» баспасында басылған 7-сыныптың «Информатика» оқулығында (2021) қазақ тіліндегі термин бірінші жазылады. Қосымша орыс тіліндегі аудармасы жақша ішінде көрсетіледі (1-кесте).

1-кесте. Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолданысына жүргізілген зерттеу жұмысының талдау нәтижесі.

Termincom.kz	Мектеп оқулықтары
1. Қоржын (Корзина)	Себет
2. Қапшық (папка)	Бума (4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы, 7-сынып – «Алматыкітап» баспасы, 7- сынып, «Атамұра» баспасы)
3. Программалық қамтым (программное обеспечение)	Программалық жабдықтама
4. Пәрмен	Команда (4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы, 7-сынып – «Алматыкітап баспасы», 7-сынып – «Атамұра» баспасы)
5. Бейімдеуіш	Адаптер (6-сынып)
6. Құпиясөз	Пароль (4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы)
7. Аударғыш	Транслятор
8. Бергіш	Датчик (4-сынып «Арман – ПВ» баспасы, 5-сынып – «Алматыкітап» баспасы)
9. Қолжетім (доступ)	Қолжетімділік (4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы)
10. Теңшеу (настройка)	Баптау (5-сынып – Алматыкітап баспасы)
11. Басу (печать)	Басып шығару (5-сынып – «Алматыкітап» баспасы)
12. Сұлба	Схема (6-сынып)

Termincom.kz	Мектеп оқулықтары
13. Есептеуіш техника (вычислительная техника)	Есептеу техникасы (6-сынып)
14. Қалып, қимаульгі, үлгітүр	Шаблон (6-сынып)
15. Көлденең	Горизонталь (6-сынып)
16. Сәйкестендіргіш	Идентификатор (6-сынып)
17. Амалдық жүйе (Операционная система)	Операциялық жүйе (6-сынып)
18. Корпоративтік желі, бірлескен желі	Корпоративтік немесе аймақтық желі (7- сынып «Алматыкітап» баспасы)
19. Туралау (выравнивание)	Туралау және теңестіру терминдері қатар қолданылған (7-сынып «Алматыкітап» баспасы)
20. Терминком қорында берілмеген	Құйып бояу (заливка) (5-сынып, 7-сынып «Алматыкітап» баспасы)
21. Терминком базасында берілмеген	Бұлыңғыр (размытие) (5-сынып)
22. Ұяшық пішімі	Ұяшық форматы (7-сынып «Алматыкітап» баспасы)
23. Терминком қорында берілмеген	Деректерді туралау (выравнивание данных) (7-сынып «Алматыкітап» баспасы)
24. Кесіп тастау	Қиып алу (Вырезать) (7-сынып, «Алматыкітап» баспасы)
25. Сандық пішім	Сан форматы (Числовой формат) (7-сынып «Алматыкітап» баспасы)
26. Терминком қорында берілмеген	Құрамды шарттар (составное условие) (7-сынып «Алматыкітап» баспасы)
27. Мұрағаттау	Архивтеу (7-сынып «Атамұра» баспасы, «Арман-ПВ» баспасы, «Алматыкітап» баспасы)
28. Терминком қорында берілмеген	Архивті құру, Архивтен шығару (7-сынып «Атамұра» баспасы, «Арман-ПВ» баспасы)
29. Терминком қорында Информатика саласына қатысты көрсетілмеген.	Сығу дәрежесі (степень сжатия) (7-сынып «Атамұра» баспасы, «Арман-ПВ» баспасы)

Termincom.kz	Мектеп оқулықтары
30. Ақпаратты сығымдау	Ақпаратты сығу (7-сынып «Алматыкітап» баспасы), Ақпараттарды сығу («Арман-ПВ» баспасы)
31. Терминком қорында Информатика саласына қатысты көрсетілмеген.	Оптикалық диск (7-сынып «Алматыкітап» баспасы)
32. Компьютерлік тор	Компьютерлік желі (7-сынып «Алматыкітап» баспасы, «Атамұра» баспасы)
33. Терминком қорында берілмеген	Ауқымды желі (7-сынып «Алматыкітап» баспасы, «Атамұра» баспасы)
34. Құрастырушы, конструктор	Конструктор (4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы)
35. Қайта қосқыш (2021 жылы бекіткен термин), айырақосқыш (информатика және есептеуіш техника саласында), ауыстырып қосқыш (энергетика саласында), ажыратып-қосқыш (электроника, радиотехника және байланыс саласында)	Ауыстырып-қосқыш (Переключатель - 4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы)
36. Қосу	Файлды кірістіру (Добавить файл - 4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы)
37. Монтаждау	Өңдеу, монтаж (4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы)
38. Кірістірме, кірістіру	Видеоны кірістіру (Вставка видео, 4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы)
39. Жаңғырту	Ойнату (Воспроизведение - 4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы)
40. Редакциялау, өңдеу	Өңдеу (Редактирование - 4-сынып – «Арман – ПВ» баспасы)

Талқылау

Қ. С. Құлманов «Білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің ғылы-

ми-практикалық мәселелері (қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары негізінде)» атты мақаласында мектеп оқулықтарында кездесетін мәселелерді анықтайды. Аталған мақалада келесі мәселелер анықталған:

білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай қиындық тудыратын терминдер, мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдердің қолданылмауы, қазақ тілінің заңдылығы сақталмаған терминдер, мектеп оқулықтарында терминдердің қолданысында жарыспалылықтың болуы. Ғалым осы мәселелерді шешу үшін мектеп терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың негізгі тәсілдерін ұсынады. Мектеп терминологиясының ғылыми-теориялық, қолданбалы-практикалық, әдістемелік, үйлестірушілік негіздерін қалыптастыру бағыттарында жасалу керек жұмыстарды жіктейді [13].

Информатика терминдеріне жүргізілген талдауда 4-сынып білім алушыларына арналған «Арман – ПВ» баспасында жарық көрген оқулықта «файлды кірістіру – добавит файл», «видеоны кірістіру – вставка видео», «видео монтаж – монтаж видео», «өңдеу – монтаж», «өңдеу – редактирование» секілді мысалдарды көре аламыз. Орыс тіліндегі екі түрлі мағынаны беретін екі бөлек терминнің орнына қазақ тілінде бір ғана термин қолданылады. Осындай мәселелердің туындауына қандай себептер бар?! Оқулық авторлары оқулық жазу барысында, бекітілген терминдерге назар аударып, басшылыққа алулары қажет. Егер ұғым мен мағынаны толық бере алмайтын терминдер кездескен жағдайда, мемлекеттік терминология комиссиясына өздерінің ұсыныстарын білдірулері керек.

Әлемдік тәжірибеге назар аударсақ, Қытай Халық Республикасында Білім министрлігі білім беру стандарттарын әзірлеуде оқу бағдарламаларымен бірге оқулықтардың мазмұны бойынша нұсқаулықтарды, терминологиялық стандарттарды қоса дайындайтынын көреміз. Оқу орындарында терминдерді берудің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін білім салалары бойынша терминологиялық сөздіктер әзірленеді. Бұл сөздіктерде бекітілген терминдер мен олардың анықтамалары беріліп, бүкіл ел бойынша оқу материалдарында біркелкі қолданылуы қадағаланады. Ал баспа үйлерін басқару комитеті – осы процесті бақылайды, терминологиялық сөздіктерді әзірлейді [14].

Жапонияда оқулықтар мен білім беру материалдарындағы терминдерді стандартау үшін терминологиялық сөздіктер қолданылады. Әр пән бойынша академиялық глоссарийлер әзірленіп, білім беруде қолданылатын терминдердің негізіне айналады [15]. Терминологиялық сөздікті әзірлеумен тек Білім министрлігі ғана емес, белгілі бір пәнге қатысты салалық министрліктер де айналысады. Ресейде 2021 жылдан бастап 5-11 сыныптардағы барлық пәндер бойынша терминдердің жалпы тізімін анықтау үшін мектеп оқулықтарының терминологиясын анықтау жобасы жүзеге асырылуда. Терминдерді есептеу үшін жасанды интеллектіні қолданысқа енгізуде [16].

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарына жүргізілген талдау нәтижесінде түрлі мәселелер анықталды. Ол мәселелерді шешу үшін сала мамандарымен тілші-терминолог ғалымдар өзара қарым-қатынасын нығайтып, терминдер жасау үдерісінде, терминдерді бекіту жұмыстарында бірлескен кешенді жұмыстар атқаруы қажет. Оқулықтарға мамандар сараптама жүргізгенде терминдерге назар аударулары керек. Себебі, термин – ғылыми ұғымды білдіретін, оқулық мазмұнын ашатын ең басты бірлік. Сауатты, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін, білім беру құралдарын жетілдіруіміз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim және Gylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі [Электронды ресурсы] // https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-bilim-jne-ylym-atty-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrysynda-soilegen-sozi (қаралды: 01.02.2024)
2. Karaman, B. Atatürk and the Turkish Terminology Reform: The (Re) turkification of Geography Terms [Text] / Karaman, B. // Bilig. –2014. –№69. – P. 89-126.
3. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы [Электронды ресурс] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027415> (қаралды: 05.02.2024)

4. **Құрманбайұлы, Ш.** Терминтанушы құралы [Мәтін]: Сөздік-оқулық / Шерубай Құрманбайұлы. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – Б. 208
5. **Байтұрсынұлы, А.** Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер) [Мәтін]. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. IV: –384 б.
6. «Мектеп оқулықтары: пән терминдерін жетілдіру және біріздендіру» республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары [Мәтін] / [жауапты редактор Қ. Қабай] – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, 2023. – 152 б.
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар [Мәтін]: 4-сынып оқулығы / Кобдикова Ж.У. [және т.б.] – Нұр-Сұлтан: «Арман – ПВ» баспасы, 2019 ж. –144 б.
8. Информатика [Мәтін]: 5-сынып оқулығы / Қадырқұлов Р.А., Нұрмұханбетова Г.К. – Алматы-кітап баспасы, 2020.
9. Информатика [Мәтін]: 6-сынып оқулығы / Қадырқұлов Р.А., Нұрмұханбетова Г.К. – Алматы-кітап баспасы, 2020.
10. Информатика [Мәтін]: 7-сынып оқулығы / Қадырқұлов Р.А. [және т.б.] – Алматыкітап баспасы, 2021.
11. Информатика [Мәтін]: 7-сынып оқулығы / Мұхамбетжанова С.Т. [және т.б.] – Алматы: «Атамұра», 2021.
12. Информатика [Мәтін]: 7-сынып оқулығы / Салғараева Г.И. [және т.б.] –Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ баспасы, 2021.
13. **Құлманов, Қ.С.** Білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің ғылыми-практикалық мәселелері (қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары негізінде [Электронды ресурс] // <https://termincom.kz/articles/?id=159> (қаралды: 19.02.2024)
14. **Feng, Z., Jia, X.** (2024). Education in China: An Introduction. In: Niancai, L., Zhuolin, F., Qi, W. (eds) Education in China and the World. Springer, Singapore. https://doi.org/10.1007/978-981-99-5861-0_1
15. **Galan, C.** (2013). Language textbooks following the Meiji Restoration. Cipango - French Journal of Japanese Studies, 2. Retrieved from <http://journals.openedition.org/cjs/281>
16. **Almaev, R., Antonov, V., Baishev, I., & Yanborisov, M.** (2020). History School Textbooks Evolution In Russia. In I. Murzina (Ed.), Humanistic Practice in Education in a Postmodern Age, vol 93. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (pp. 33-44). European Publisher. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.11.4>

References

1. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Bilim jáne Gylym!» atty tamyz konferensiasynnyñ plenarlyq otyrysında söilegen sözi [Elektrondy resurs] [Head of State Kassym-Jomart Tokayev's "Bilim jáne Gylym!" speech at the plenary session of the August conference // https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-bilim-jne-lylym-atty-tamyz-konferensiasynnyñ-plenarlyq-otyrysında-soilegen-sozi (qaraldy: 01.02.2024)
2. **Karaman, B.** Atatürk and the Turkish Terminology Reform: The (Re) turkification of Geography Terms [Text] / Karaman, B. // Bilig. –2014. –№69. – P. 89-126.
3. Orta bilim beru üiymdaryna arnalğan oqulyqtardyñ jáne mektepke deiingü üiymdarğa, orta bilim beru üiymdaryna arnalğan oqu-ädistemelik keşenderdiñ qurylymy men mazmünyyna qoyilatyn talaptardy bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne gylym ministriniñ 2022 jylgy 5 säuirdegi № 132 büirygy [Elektrondy resurs] [Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated April 5, 2022 No. 132 «On approval of requirements for the structure and content of textbooks for secondary education organizations and educational complexes for preschool organizations, secondary education organizations»] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027415> (qaraldy: 05.02.2024)
4. **Qürmanbaiüly, Ş.** Terminatnuşy quraly [Mätin] [Terminologist's tool]: Sözdik-oqulyq / Şerubai Qürmanbaiüly. – Astana: Er-Däulet, 2007. – B. 208
5. **Baitürsynüly, A.** Alty tomдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер) [Mätin] [Collection of works in six volumes. Collection of alphabets and articles. (The first alphabets in shortcuts and prepositions published in the National Press)]. – Алматы: «El-şejire», – 2013. T. IV: –384 b.
6. «Mektep oqulyqtary: pän terminderin jetildirü jáne birizdendirü» respublikalyq gylymi-ädistemelik konferensia materialdary [Mätin] [School textbooks: improvement and unification of subject terms] / [jauapty redaktor Q. Qabai] – Astana: Ş.Şaiahmetov atyndaғы «Til-Qazyna» ülttyq gylymi-praktikalq ortalygy, 2023. – 152 b.
7. Aqparattyq-komunikasialyq tehnologialar [Mätin] [Information and communication technologies]: 4-synyp oqulygy / Kobdikova J.U. [jәне t.b.] – Nür-Sültan: «Arman – PV» baspasy, 2019 j. –144 b.
8. İnformatika [Mätin] [Computer science]: 5-synyp oqulygy / Qadyrqulov R.A., Nürmühanbetova G.K. – Almatykitap baspasy, 2020.
9. İnformatika [Mätin] [Computer Science] : 6-synyp oqulygy / Qadyrqulov R.A., Nürmühanbetova G.K. – Almatykitap baspasy, 2020.
10. İnformatika [Mätin] [Computer Science]: 7-synyp oqulygy / Qadyrqulov R.A. [jәне t.b.] – Almatykitap baspasy, 2021.

11. Informatika [Mätin] [Computer Science]: 7-synyp oqulyǵy / Mühambetjanova S.T. [jäne t.b.] – Almaty: «Atamūra», 2021.
12. Informatika [Mätin] [Computer Science]: 7-synyp oqulyǵy / Salǵaraeva G.İ. [jäne t.b.] –Nür-Sültan: Arman-PV baspasy, 2021.
13. **Qұлманов, Q. S.** Bilim beru jüiesi terminologiasyn birizdendirudiñ ğylymi-praktikalyq мәseleleri (qazaq tilindegi mektep oqulyqtary negizinde [Elektrondy resurs] [Scientific and practical problems of unifying the terminology of the education system (based on school textbooks in the Kazakh language)] // <https://termincom.kz/articles/?id=159> (qaraldy: 19.02.2024)
14. **Feng, Z., Jia, X.** (2024). Education in China: An Introduction. In: Niancai, L., Zhuolin, F., Qi, W. (eds) Education in China and the World. Springer, Singapore. https://doi.org/10.1007/978-981-99-5861-0_1
15. **Galan, C.** (2013). Language textbooks following the Meiji Restoration. Cipango - French Journal of Japanese Studies, 2. Retrieved from <http://journals.openedition.org/cjs/281>
16. **Almaev, R., Antonov, V., Baishev, I., & Yanborisov, M.** (2020). History School Textbooks Evolution In Russia. In I. Murzina (Ed.), Humanistic Practice in Education in a Postmodern Age, vol 93. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (pp. 33-44). European Publisher. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.11.4>

Использование терминов в школьных учебниках, относящихся к области информатики

Б.Е. Кенес¹, М. Кочак², Ж.Е. Есполова³

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан.

²Университет Памуккале
г. Денизли, Турецкая республика

³Университет Туран-Астана
г. Астана, Республика Казахстан.

*barysgul221196@gmail.com



Аннотация. Основным инструментом педагогов в сфере образования является учебник. Одним из требований к содержанию учебников является систематическое употребление терминов. Цель статьи – определить уровень использования в учебниках терминов, утвержденных государственной терминологической комиссией. В соответствии с этой целью в статье основные термины школьных учебников «Информационно-коммуникационные технологии» 4 класс, «Информатика» 5 класс, «Информатика» 6 класс, «Информатика» 7 класс (издательство «Алматы-кітап»), «Информатика» 7 класс (издательство «Атамұра»), «Информатика» 7 класса (Арман – П.В.) сравнивались с утвержденными терминами на сайте termincom.kz. В результате сравнения были выявлены следующие проблемы: в учебниках не используются термины, утвержденные в базе данных termincom.kz, а используются другие версии; некоторые термины в учебниках, относящиеся к области информатики, не включены в базу данных termincom.kz; русские термины в учебниках пишутся первыми, а казахские термины пишутся в скобках; использование одного термина в казахском языке вместо двух терминов, обозначающих разные понятия. Чтобы избежать подобных проблем, специалисты-терминологи и специалисты отрасли должны работать и утверждать термины совместно. При написании учебника авторы должны обратить внимание на утвержденные термины и выработать навык их использования. Если термин не может полностью описать понятие и значение, авторы должны внести свои предложения в государственную терминологическую комиссию. При экспертизе написанных учебников необходимо уделять особое внимание терминам, чтобы поддерживать базовое научное содержание по дисциплине.



Ключевые слова: термин, терминология, учебник, качество знаний, информатика

Usage of terms in school textbooks related to computer science

B.E. Kenges¹, M. Kocak², Zh.E. Yespolova³

¹Eurasian National University named after L. N. Gumilev
Astana, Republic of Kazakhstan

²Pamukkale University
Denizli, Republic of Turkey

³Turan-Astana University
Astana, Republic of Kazakhstan
*barysgul221196@gmail.com



Abstract. The main tool of teachers in the field of education is a textbook. Textbooks also have a great influence on quality education of the future generation. One of the requirements for the content of textbooks is the systematic use of terms. The purpose of the article is to determine the level of use of the terms approved by the state terminological commission in textbooks. According to this purpose, in the article the main terms of the school textbooks “Information and communication technologies” 4th grade, “Informatics” 5th grade, “Informatics” 6th grade, “Informatics” 7th grade (Almatykitap publishing house), “Informatics” 7th grade (Atamura publishing house), “Informatics” 7th grade (Arman – PV publishing house) were compared with the approved terms on the termincom.kz site, that is, in the Kazakh language termbase. As a result of the comparison, the following problems were identified: the approved terms related to the field of informatics in the termincom.kz database are not used in the textbooks, but other versions are used, some terms in the textbooks related to the field of informatics are not included in the termincom.kz database, the Russian language terms are written first in the textbooks, and the Kazakh terms are written in parentheses, the Russian language the use of one term in the Kazakh language instead of two terms denoting different concepts. In order to avoid such problems, terminologists and industry experts should work together and approve the terms. In the process of writing a textbook, authors should pay attention to fixed terms and develop the skill of using them. If the term cannot fully describe the concept and meaning, the authors should submit their proposals to the state terminological commission. When examining the written textbooks, it is necessary to emphasize the terms in order to preserve the basic scientific content of the subject.



Key words: term, terminology, textbook, quality of education, informatics

Материал баспаға 20.02.2024 келіп түсті.